

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйақысына ізденуге конкурсқа қатысушыларды бағалау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет Төрағасының 2004 жылғы 31 мамырдағы N 139 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 26 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2918. Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің 2007 жылғы 4 қазандағы N 292 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің 2007 жылғы 4 қазандағы N 292 бұйрығымен.

Үзінді:

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес келтіру мақсатында, БҰЙЫРАМЫН:

1. Мынадай нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын:

- | | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 |) | . | . | . |
| 2 |) | . | . | . |

3) Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйақысына ізденуге конкурсқа қатысушыларды бағалау ережесін бекіту туралы " Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау комитеті төрағасының 2004 жылғы 31 мамырдағы N 139 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2918 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқару және өзге мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінің бюллетенінде жарияланған, 2005 ж., N 16, 126-құжат).

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*М и н и с т р д і ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы*

Сапа саласында конкурстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібінің талаптарын жетілдіру мақсатында **бұйырамын** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйақысына ізденуге конкурсқа қатысушыларды бағалау ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің

Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті Төрағасының "Сапа саласында конкурстар өткізудің кейбір Ережелерін бекіту туралы" (мемлекеттік нормативтік құқықтық актілерінің Тіркелімінде N 1526 тіркелген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік орталық атқару және өзге органдарының бюллетенінде 2001 жылғы, N 27, 457-бабында жарияланған) 2001 жылғы 2 мамырдағы N 128 бұйрығының 1 тармақ 2) тармақшасының күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің аккредиттеу , сертификаттау және сапаны басқару бөлімі осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтуін қамтамасыз е т с і н .

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы Индустрия
және сауда министрлігінің Стандарттау,
метрология және сертификаттау жөніндегі
комитет Төрағасының бұйрығымен
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
"Сапа саласындағы жетістіктері үшін"
сыйақысына ізденуге конкурсқа
қатысушыларды бағалау ережесін бекіту
туралы 2004 жылғы 31 мамырында N 139
Бекітілді

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйақысына ізденуге конкурсқа қатысушыларды бағалау ережесі

1. Негізгі ережелер

1. Осы ереже Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйақысына ізденуге конкурсқа қатысушылардың баға өлшемдерін белгілейді.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйақысына ізденуге конкурсқа қатысушыларды бағалау ережесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 наурыздағы N 384 "Сапа саласындағы конкурстар туралы" қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйақысына ізденуге конкурсқа қатысушылардың баға өлшемдері

3. Конкурсқа қатысушыларға екі топтағы өлшемнен тұратын үлгі бойынша б а л л а р қ ы л ы б а ғ а қ о й ы л а д ы .

Бірінші топ - "Мүмкіндік" өлшемі ұйымның сапа саласында нәтижелерге қалай қол жеткізгені, оған қандай әрекет жасағанын бағалауға арналған.

Екінші топ - "Нәтиже" өлшемі ұйымның қол жеткен табыстарын және қазіргі уақыттағы ұйымның талпыныстарын сипаттайды.

4. Нәтижелер мен анықталған нәтижелердің тенденциялары барлық "Нәтиже" өлшемдері бойынша:

- 1) ұйым қызметінің нақты нәтижелеріне;
- 2) ұйымның алдына қойған мақсаттарына;
- 3) бәсекелестердің қол жеткізген нәтижелеріне;
- 4) "класс бойынша ең үздік" деп аталған ұйымның қорытындысына қарай бағалануы тиіс.

5. Сарапшылар әр өлшем көрсеткіші бойынша бағалау баллын жұмыстардың нақты жай-күйіне және олардың тиімділігіне қарай белгілейді.

6. Сыйақы өлшемдері мен олардың көрсеткіштерін Сыйақы тағайындау комиссиясы және Комиссияның жұмысшы органы басқару әдістері мен сапамен қамтамасыз ету әдістерінің дамуына және жетілдірілуіне қарай мерзімді түрде талқылап отыруы мүмкін.

3. Өлшемдердің мазмұны

7. "Мүмкіндік" өлшемі:

- 1) Басшылықтың жетекші ролі;
- 2) Сапа саласындағы саясат пен стратегия;
- 3) Қызметкер;
- 4) Серіктестік және ресурстар;
- 5) Ұйым жүзеге асыратын процестер.

8. "Нәтиже" өлшемі:

- 1) тұтынушылардың өнім сапасының (қызмет көрсетуіне) қанағаттануы;
- 2) сапа жөніндегі қызметке қызметкерлердің (персонал) қанағаттануы;
- 3) ұйымның қоғамға ықпалы;
- 4) ұйым жұмысының нәтижесі.

4. 1 Өлшем - Басшылықтың жетекші ролі

9. Өлшем мазмұны: ұйым басшысының оның міндеттерін қалай белгілейтінін, даму стратегиясын қалай жасайтынын және оның іске асырылуына қалай ықпал ететінін; олардың табысқа қол жеткізуде құндылықтарды қалай қалыптастыратынын және оларды тиісті іс-шаралардың көмегімен және өз тәжірибесімен қалай қолданысқа енгізетінін; олардың сапа менеджменті жүйесін дамыту және қолданысқа ендіру бойынша қаншалықты тартылғанын анықтайды:

- 1) 1 а өлшем көрсеткіші - басшылардың ұйым міндеттерін, дамуы мен құндылықтарының стратегиясын белгілеуі, сапа мәдениетінің жақтаушысы

ретінде өз тәжірибесін көрсетуі;

2) 1 б өлшем көрсеткіші - басшыларды сапа менеджменті жүйесін әзірлеу, қолданысқа ендіру және ұдайы жетілдіру ісін қамтамасыз ететін қызметке тарту;

3) 1 в өлшем көрсеткіші - басшыларды қоғам тұтынушыларымен, серіктестерімен және өкілдерімен жұмыс істеуге тарту;

4) 1 г өлшем көрсеткіші - басшылардың ұйым қызметкерлерін мотивациялауы, қолдауы және көтермелеуі.

5. 2 Өлшем - сапа саласындағы саясат пен стратегия

10. Өлшем мазмұны - ұйым өз міндеті мен даму стратегиясын мүдделі жақтардың талап-тілегіне бағыттау арқылы қалай іске асырады, саясатын, жоспарларын және мақсаттары мен процестерін қалай әзірлейді:

1) 2 а өлшем көрсеткіші - саясаты мен стратегиясын белгілеу мақсатында мүдделі жақтардың бүгінгі және болашақтағы мұқтаждары мен күтілетін нәтижелерін айқындау;

2) 2 б өлшем көрсеткіші - саясаты мен стратегиясын әзірлеу үшін өлшеу, зерттеу, танымдық және шығармашылық қызметтердің қорытындысында алынған ақпаратты пайдалану;

3) 2 в өлшем көрсеткіші - саясаты мен стратегиясын әзірлеу, талдау және актуалдандыру;

4) 2 г өлшем көрсеткіші - саясаты мен стратегиясын шешуші процестердің аясында жандандыру.

6. 3 Өлшем - Қызметкер

11. Өлшем мазмұны - ұйым қызметкерді қалай басқарады, оның білімі мен мүмкіндігін жеке алғанда және топтың, бүкіл ұйымның деңгейінде қалай дамытады және пайдаланады; ұйым өз қызметін өзінің саясаты мен стратегиясын жүзеге асыру, сонымен қатар өз процестерін тиімді іске асыру мақсатында қалай жоспарлайды:

1) 3 а өлшем көрсеткіші - қызметкерлермен жұмыс істеуді жоспарлау, басқару және жақсарту;

2) 3 б өлшем көрсеткіші - қызметкердің білімі мен компетенциясын айқындау, дамыту және қызметкерге қолдау көрсету;

3) 3 в өлшем көрсеткіші - қызметкерді ұйымның саясаты мен стратегиясын жүзеге асыру бойынша қызметке тарту және оған уәкілеттік беру;

4) 3 г өлшем көрсеткіші - ұйым қызметкерімен қарым-қатынас;

5) 3 д өлшем көрсеткіші - қызметкерді көтермелеу және оған қамқорлық ету.

7. 4 Өлшем - Серіктестер мен ресурстар

12. Өлшем мазмұны - ұйым ішкі ресурстарын және өзінің сыртқы серіктестермен қарым-қатынасын қалай жоспарлайды және оларды өз саясаты мен стратегиясын жүзеге асыруда, сонымен қатар өз процестерін тиімді іске

асыруда қалай басқарады:

- 1) 4 а өлшем көрсеткіші - сыртқы серіктестер;
- 2) 4 б өлшем көрсеткіші - қаржы ресурстары;
- 3) 4 в өлшем көрсеткіші - инфрақұрылым және материалдық ресурстар;
- 4) 4 г өлшем көрсеткіші - технологиялар;
- 5) 4 д өлшем көрсеткіші - ақпарат және білім.

8. 5 Өлшем - Ұйым іске асыратын процестер

13. Өлшем мазмұны - ұйым процестерді қалай жоспарлайды, өз саясаты мен стратегиясын қалай іске асырады, сонымен қатар өзінің тұтынушыларын және мүдделі жақтарды толық қанағаттандыру және құндылықтар қалыптастыру мақсатында менеджментті қалай іске асырады және жетілдіреді:

- 1) 5 а өлшем көрсеткіші - жүйелі жобалау және процестер менеджменті;
- 2) 5 б өлшем көрсеткіштері - тұтынушылар мен мүдделі жақтардың қосымша талаптарын толық қанағаттандыру мақсатында жаңартпаларды пайдалану арқылы процестерді жетілдіру;
- 3) 5 в өлшем көрсеткіштері - өнімді тұтынушылардың күткен нәтижелері негізінде жобалау және әзірлеу;
- 4) 5 г өлшем көрсеткіштері - өнім (қызмет) өндіру, жеткізу және қызмет көрсету;
- 5) 5 д өлшем көрсеткіші - менеджмент және тұтынушылармен қарым-қатынас.

9. 6 Өлшем - Тұтынушыларды өнім (қызмет) сапасының қанағаттандыруы

14. Өлшем мазмұны - сыртқы тұтынушылардың мүдделерін қанағаттандыруда ұйымның қол жеткізген нәтижелері:

- 1) 6 а өлшем көрсеткіші - ұйым тұтынушыларының өнімнің және қызметтердің сапасын қабылдау көрсеткіштері;
- 2) 6 б өлшем көрсеткіші - тұтынушылар талабын жоғарылату бойынша ұйым жұмысының көрсеткіштері.

10. 7 Өлшем - Қызметкерлердің қанағаттанушылығы

15. Өлшем мазмұны - өз қызметкерлерін қанағаттандыру бойынша ұйымның қол жеткізген нәтижелері:

- 1) 7 а өлшем көрсеткіші - қызметкердің ұйымдағы өз жұмысын қабылдау көрсеткіші;
- 2) 7 б көрсеткіші - сапа жөніндегі қызметке қызметкердің қанағаттанушылығын арттыру бойынша ұйымның жұмыстарының көрсеткіштері.

11. 8 Өлшем - Ұйымның қоғамға әсері

16. Өлшем мазмұны - қоғам мүддесін жергілікті, ұлттық және әлемдік деңгейде қанағаттандыруда ұйымның қол жеткізген нәтижесі:

1) 8 а өлшем көрсеткіші - ұйым қызметін қоғамның қабылдау көрсеткіші;

2) 8 б өлшем көрсеткіші - қоғамның қанағаттанушылығын жоғарылату бойынша ұйым жұмысының көрсеткіштері.

12. 9 Өлшем - Ұйым жұмысының нәтижесі

17. Өлшем мазмұны - жоспарлы мақсаттар бойынша ұйымның қол жеткізген нәтижесі :

1) 9 а өлшем көрсеткіші - ұйым жұмысының қаржылық көрсеткіштері;

2) 9 б өлшем көрсеткіші - өнімнің сапасы және ұйымдардың өнім сапасында (қызмет көрсету) бойынша басқа да жұмыстарының нәтижесі.